



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

керек. Қазіргі таңда мемлекеттік оқу орындарында ғана студенттердің білім алуына жақсы жағдай жасалынған. Ал, жеке меншік оқу орындарында білім сапасы өкінішке орай, орташа деңгейде. Сол себепті де, мемлекеттік пен жеке меншік ЖОО құзырлы министрліктің тарапынан қысқартылып, ықшамдалып жатыр. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі оқулықтар сөзбе-сөз емес, ілеспе аудармаға көп көңіл бөлінсе деген ұсынысым бар. Себебі, бүгінде оқулықтар сөзбе-сөз аударылғандықтан көп қатерге ұрынып жатыр. Қорыта келе, ЖОО-да білім сапасы одан әрі жақсарылса, мемлекетіміздің дамуы сөзсіз жоғарылайды деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кәрішалова К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары)// Саясат. - №3. - 2006.
2. Добрынина, Н. Е. По ступеням культуры чтения/ Н. Е. Добрынина//Библиотекосведение. - 2000. - №3. - С.53-57
3. Матузов Н.И., Малько А.В. Мемлекет және құқық теориясы/ Оқулықты орыс тілінен қазақшаға аударған: Б.Ө.Алтынбасов. Алматы: ЖШС «АйСан-Пресс» баспа үйі, 2013. - 583 б.
4. Тұрысбек Р., Мақала:«Білім кеңістігі: жоғары білім мен кемел ғылымды дамытудың басым бағыттары», // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы.
5. «Аймақтың даму стратегиясындағы ғылым мен білім» (Қ.И.Сәтбаев туғанына 100 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары)., Қарағанды, 1999 ж.
6. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014>

ӘОЖ 342.4 (574)

ЖАСТАРДЫ ЖОО КЕЙІНГІ КӘСІБИ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сәтілда Ақжол

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Құқықтану» мамандығының 1-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші – Н.Д. Мырзатаев

Akzhol_13@mail.ru

Түйіндеме

Жастарға жоғары білім беру арқылы қоғамдағы бар мәселе шешіле қоюы екі талай. Қоғамның әлеуметтік мәселесінің бірі ретінде жоғары білім саласын зерделеуге тырысқан. Жоғары білім беру саласын дамыту «Қазақстан 2050» бағдарламасының негізгі идеясын жүзеге асыру тетігі ретінде теориялық талдау жасап өз ойын баяндаған.

Кілттік сөздер: жоғары білім, жастар, «Қазақстан - 2050» бағдарламасы, білім туралы заң, әлеумет.

Республикамыздың дамуына байланысты жоғары білім беру саласы әлемдік білім беру кеңістігіне ену жолында күннен-күнге реформаларды жетілдіру қажеттігін бастан кешуде. Елбасымыздың жолдауларында және 2050-стратегиялық бағдарламасына орай алға қойған мақсатқа жетудің бірден бір жолы ғылымды дамыту екенін ашық түрде хабарлауда. Елбасымыз Тәуелсіздігімізді бекіткен күнненхалық алдына жоғары мақсат бекітті. Онда «Қол жеткізген тәуелсіздігіміз 1991 жылы Қазақстан Республикасы алдына маңызды бір міндет қойды, ол – әлемдік қауымдастыққа кіру, ал отандық білім беру жүйесіне қойылған міндет – халықаралық білім кеңестігімен үйлесу» - деп нақты жария етті. Осыған орай білім беру саласындағы мемлекеттік саясат алға қойылған мақсаттар аясында заңнамалық базаны, басқару жүйесін және білім беруді қаржыландыруды реформалау бағытында жүзеге асырылды.

Қазақстандықтардың білім алуға тең құқығы көбінесе ұлттық білім берудің құқықтық базасына және моделіне байланысты. Бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін құру – біздің алдымызға қойылған жаһандық міндет, өйткені біз күшті, гүлденген Қазақстанды құру

үстіндеміз. Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңы дәл осы мақсатқа бейімделген.

Елбасымыз Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдады және осы күнге дейін еліміз осы бағдарламаны ұстанып дамып келді. Қоғамдық сана өсті, әлемдік жаһандану мен өзгерістердің арқасында елбасымыз жаңа 2050 инфрақұрылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығына толықтырулар енгізілді.

Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстанның білім жүйесі, институционалды тұрғыдан да, заңдық және қаржылық-шаруашылық тұрғыдан да қатты өзгеріске ұшырады. Бұрынғы Кеңес кезіндегі көптеген университеттермен байланыстың үзілуі, әлеуметтік-экономикалық қиындықтар, «ақыл-ой» сарқылуы, ЖОО-дың құнды болып табылатын ғылыми-оқу базасының жоғалтуы Қазақстанның жоғары мектебінің ыдырауы қарсаңына алып келді. Осы кезде елімізден көптеген білікті мамандар, кадрлар кетіп қалды, мемлекеттен бөлінетін дотациялар бірден қысқарды, университетті аман сақтап қалу мәселесі күн тәртібінде тұрды. Осылайша білім жүйесінің инфрақұрылымы қатты өзгерді. Алайда уақыт өте аталмыш мәселелердің көбі жүйелі түрде шешімін тапты [1].

Бүгінгі Қазақстанда жоғары білім саласын басқаруды құқықтық жетілдірудің теориялық және тәжірибелік мәселелері оларды жүзеге асырудың ерекшелігімен байланысты. Жаңа ғасырда жоғары білім саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары оқу орнын басқару алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, жоғары білім беру кеңістігіне сай бейімделген білім алу, жалпы ғаламдық танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, білімгердің өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу – көкейкесті мәселе. Өйткені, тек сапалы, жоғары білімді кәсіби маман ғана қоғам мен экономиканың, әлеуметтік және мәдени өркендеудің көшбасшысы бола алады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауындағы 7-бөлімінде: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет. ХХІ ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан да, біз болашақта, жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз керек. Бұл орайда, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті - әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардың берген дипломдары дүние жүзі мойындайтындай болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктермен жоғары білім алуына кепілдік беруіміз қажет», - деген болатын [2].

Жоғары білім – болашақ маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол – жеке тұлға қалыптастырады. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласында оның ішінде жоғары оқу орындарында білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді талап етеді. Әр түрлі болжамдардың сан алуандығына қарамастан, қазіргі білім беру жүйесін дамыту үрдісінде жаңа оқыту үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістердің қарқындылығымен әрі көп түрлілігімен ерекшеленетінін атауға болады.

Жоғары оқу орнын басқарудың құқықтық мәселесі әлемдік саясаттың оқу әдебиеттерінде әзірге экономикалық және мәдени, әлеуметтік, экологиялық аспектілер тәрізді өте өзекті тақырыпқа айнала қойған жоқ. Әйтсе де, адамзаттың өзі осы жоғары білімі мен шеберлігінің арқасында негізгі әлемдік саясат пен саяси дамудағы ең басты қозғаушы күш болып табылады. Өз кезеңінде жоғары білім – қазіргі әлемдік саясатты құраушы маңызды тетік болып отыр.

Осыған орай, жоғары білім беру саласын басқаруда мемлекетіміз ел болашағының өркендеуі үшін оны заңнамалық тұрғыдан реттеп, осы саладағы нормативтік-құқықтық актілерді толықтай жетілдіріп, әлемдік деңгейде сапалы маман дайындау және оған жетуді басты мақсат етуіміз шарт. Елімізде жоғары білім саласының дұрыс жүйеленуі мен басқарылуы – мемлекет дамуының басты кепілі екендігі анық. Интеграция және жаһандану үрдісінде тиімді жоғары білім беру жүйесін дамытатын жас ұрпақтың ақыл-ой және рухани потенциалын барынша дамытуға мүмкіндігін құқықтық тұрғыда зерделеу. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделді. «Білім туралы» заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік жоғары білім беру саясаты айқындалды.

Егемендік алған 1991 жылдан бастап, Қазақстан Республикасында ең алдымен жоғары білім беру жүйесін реформалау жұмыстары қолға алынды. Р.Т. Игембаева жоғары білімді реформалауды төрт кезеңге бөліп қарастырды [3, 42-44б.]. Бірінші кезең (1991-1994) – жоғары білімнің нормативтік және құқықтық базасының қалыптасуы. 1993 жылы ҚР «Жоғары білім туралы» заңы қабылданды. 1994 жылы ҚР жоғары білімнің Мемлекеттік стандарты бекітіліп, онда алғаш рет білім берудің көп сатылы құрылымы, бакалавр мен магистрлардың академиялық дәрежелері белгіленді. Реформаның екінші кезеңі (1995-1998 жылдары) – жоғары білім жүйесін модернизациялау, оның мазмұнын жаңарту. 1995-1997 жылдар аралығында 310 жоғары кәсіптік білім мамандықтары бойынша алғаш рет қазақстандық білім беру стандарттары және жоғары оқу орындарының қызметін реттейтін жаңа нормативтік-құқықтық Ережелер қабылданды. Сондай-ақ, 342 мамандықты қамтитын ҚР жоғары білім мамандықтарының жаңа Жіктемесі бекітілді. Осы кезеңде мемлекеттік емес білім беру секторы да дами бастады. Аймақтарда салалас жоғары оқу орындарын біріктіру жолымен классикалық үлгідегі университеттер ұйымдастырылды. 1999-2000 жылдары білім жөніндегі қазақстандық құжаттардың басқа мемлекеттерде, сол сияқты шетел құжаттарының ҚР-да танылуы жүзеге асырылды. Оның іске асуына жоғары білімге қатысты біліктілікті тану жөніндегі 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Лиссабон конвенциясын ратификациялау және бекіту туралы ҚР Президентінің Жарлығы ықпал етті. Осы жылдары Беларусь, Қырғызстан, Ресей Федерациясымен ҚР Үкіметтері арасында білім жөніндегі құжаттардың, ғылыми дәрежелері мен ғылыми атақтардың эквивалентілігі және оларды өзара тану жөніндегі келісімге қол қойылды. Бұл құжат 1998 жылдың 1 қазанынан өз күшіне енді. 1999 жылға дейін білім жүйесін дамытудың құқықтық негіздері «Білім туралы» және «Жоғары білім туралы» 1992 және 1993 жылдары қабылданған екі заңмен реттеліп келді. Дегенмен, бұл заңдар ҚР жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында құқықтың іргетасын толық көлемде қамтамасыз ете алмады. Қалыптасқан жағдайға байланысты білім жүйесін нарықтық жолға көшіру, ҚР Конституциясының азаматтардың білім алу, мемлекеттік емес білім секторларының орны мен рөлін анықтау, шетелдік халықаралық және діни білім ұйымдарының қызметін құқықтық негіздеу туралы 30-шы бабын толық ашу үшін оның заңнамалық негізін жасаудың қажеттілігі пісіп жетілді. Аталған міндеттерді жүзеге асыру 1999 жылы ҚР «Білім туралы» заңын қабылданғаннан кейін мүмкін болды. Бұл жылдары жоғары оқу орындарына қабылдау қағидалары түбегейлі өзгерді. Мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлау жүзеге асырылды. Талапкерлер төрт пән бойынша кешенді тестілеуден өткізу арқылы студенттер контингентін қалыптастырудың жаңа моделін қалыптастыру жүзеге асырылды. Аталмыш модельдің тиімділігі мен ерекшелігі біріншіден, талапкерлердің білімін бағалауды барынша әділ түрде жүргізуге мүмкіндік беруінде, екіншіден мемлекеттік білім гранттары мен несиелерін белгілеуде әлеуметтік тепе-теңдіктің орнығуында. Сондай-ақ осы жылы жаңа модельді іске асыру арқылы алғаш рет орта арнайы білім беру деңгейіне мониторинг жүргізілді. Білім беру жүйесін реформалаудың 2001 жылдан бергі кезеңінде және бір жаңалық енгізілді. Жоғары кәсіптік білімнің құрылымы жоғары базалық білім (бакалавриат); жоғары арнаулы білім; жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) болып заңды түрде бекітілді. 2004 жылы бекітілген «ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» еліміздегі білім беру жүйесінің негізгі бағыттары айқындалды. 2004 жылы «Қазақстан Республикасының 2015 жылға

дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы» қабылданды. 1999-2000 оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарындағы білім беру кредиттік технологияға көшті. 2007 жылы «Білім туралы» жаңа заң қабылданды [4,42-44б.].

Жоғары оқу орындарында сапаны көтеру үшін әртүрлі сипаттағы бағдарламалар әзірленді. Соның негізгілерінің бірі—«Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы». Бағдарламаның «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім» подпунктінің мақсатына сүйенетін болсақ, онда былай белінеді:«Экономика салаларын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті кадрлармен қамтамасыз ету, білім беруді, ғылымды және инновацияларды интеграциялау». Негізге осы бағдарламаның мақсатын ала отырып. «Қазақстан 2050» бағдарламасының негізгі идеясында «Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленген» деп айтылады. Ендігі кезекте осы 30 елдің қатарында орын табу үшін негізгі проблемалардың бірі әрі күрделісі жұмыссыздықты жоюды қарастырайық[5].

«Қазақстан 2050» бағдарламасына ұсыныс Жастарды ЖОО кейінгі кәсіби әлеуметтендіру мәселелеріне үлес қоса отырып болашаққа деген көзқарастарын сенімдірек болуына Мемлекеттік тұрғыдан ат салысу бағдарламаларын арттыру.

ҚР жалпы халықты жұмыспен қамтуға бағытталған жобалары жеткілікті екені рас жылдан – жылға жұмыссыздық мәселесіде артып келетіні рас. Жалпы халықты жұмыспен қамту бағдарламалары бар. Ендігі мәселелер қазіргі таңда жастарды жұмыспен қамту бағдарламалары көп. Олар:

- «Нақты жүз қадам»;

- Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V ҚРЗ;

- «Жастар практикасы» (МЗСР);

- «Дипломмен ауылға!»;

- «Мәңгілік ел жастар индустрияға» (МОН, акиматы).

Бұл бағдарламалар жұмыс жасап келе жатқанына біраз уақыт өтті. Ендігі ЖОО кейінгі жұмыспен қамту жас буынды кәсіби әлеуметтендіруге үлесі шексіз. Күні кеше 15 наурыз күні өткен «Нұр Отан» партиясының ҚР Парламенті Мәжіліс Фракциясы жанындағы Әлеуметтік кеңесі мен ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік – мәдени даму комитетінің «Жастардың кәсіби әлеуметтену мәселелері мен перспективалары» тақырыбында бірлескен отырыс ұсынымдарындаталқыланған мәселе. Осы отырыста«Нұр Отан» партиясы белгілі құзыретті органдарға, яғни:

- ҚР Үкіметіне;

- ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне;

- ҚР Діни істер және азаматтық қоғам министрлігіне,

- ҚР Білім және ғылым министрлігіне;

- ҚР Ұлттық экономика министрлігіне;

- Жергілікті атқарушы органдарға, ұсыныстар ұсынды [4].

«Қазақстан 2050» бағдарламасын сүйене отырып ЖОО дамуының дәрежесі Жоғары білім беру орындарының дәрежесінің Еуропалық стандарттармен өлшенсе, ЖОО кейінгі жұмыспен қамту бағдарламасының маңыздылығын ұмытпауымыз жөн. Мәселен қабылданған жобалар тек санаулы бөлігін қамтиды. Мысалы «Болашақ» бағдарламасының шарты:

- Жоғары білімі бар, еңбек өтілі кем дегенде 2 жылды құрайтын, бакалавр немесе маман дипломының орташа балы кемі 3,0 (GPA) болатын кез келген адам «Болашақ» стипендиясына үміткер атана алады. Алайда, бұл – ең төменгі талаптар, оқудың түріне байланысты кей талаптар бұдан да жоғары болуы мүмкін. Мысалы «Тағылымдама» бойынша еңбек өтілі 3 жыл болуы тиіс. [5]

- Осы секілді, «Тағылымдама» бағдарламаларды отандық ЖОО кейінгі белгілі уақыт аралығында міндетті мемлекеттік жұмыспен қамтуды енгізуді қарастыруды ұсынамын. Күні

кеше ұсынылған ұсыныстармен қатар ЖОО кейінгі жұмыспен қамту бағдарламаларын бір жүйеге келтіруді жоспарлауға шақырамын. Яғни, Біріншіден, кез-келген Мемлекеттік ЖОО бітірген азаматты тіркеуге алу. Екіншіден, байлық немесе 1 жылдық міндетті мемлекеттік бақылаудағы мамандық бойынша жұмыспен қамту. Себебі, осындай міндетті жұмыс жасау жас маманды шыңдай түседі. Үшіншіден, міндетті жұмыс мерзімінде жақсы критерилерге ие болған мамандарды мемлекет өз қарамағында жұмысқа алу. Төртіншіден, осы уақыттан кейін жұмыссыз қалған азаматтарды тіркеуге алып, оларға Мемлекет атынан уақытша жәрдемақымен қамтамасыз ету. Бесіншіден, осы тіркеудегі азаматтарды Мемлекет бір жүйелі кезекпен жұмысқа орналастыру немесе Мемлекеттің өзгеде жұмыс күші ретінде қолдануды.

Ұсынылып отырған бес пунктті толығымен жүйелеп орындай алатын болсақ, Жастарды ЖОО кейінгі кәсіби әлеуметтендіру мәселелері және қоғамдық жұмыссыздықтың жойылуына біршама жақындаймыз. "Нұр Отан" партиясының кезектен тыс 17-ші съезінде сөз сөйлеген ҚР Президенті, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанда жұмыссыздық деген болмауы керек. Бұл үшін барлық мүмкіндіктер бар», - деп тоқталған және «Нұр Отан» партиясының ҚР Парламенті Мәжіліс Фракциясы жанындағы Әлеуметтік кеңесі мен ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік – мәдени даму комитетінің «Жастардың кәсіби әлеуметтену мәселелері мен перспективалары» тақырыбында бірлескен отырыс ұсынымдары арқылы «Қазақстан 2050» стратегиясында көзделген мақсаттарға қолда бар мүмкіндіктер мен уақытты тиімді пайдалану арқылы келешекке нақты қадам баса аламыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Омаров Д., Жоғары білімнің қалыптасу тарихы. <http://old.el.kz/m/articles/view/>
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/R1200000031>
3. Игенбаева Р.Т. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. -Алматы 2011.
4. Жоба 15.03.17. «Нұр Отан» партиясының ҚР Парламенті Мәжіліс Фракциясы жанындағы Әлеуметтік кеңесі мен ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік – мәдени даму комитетінің «Жастардың кәсіби әлеуметтену мәселелері мен перспективалары» тақырыбында бірлескен отырыс ұсынымдары.
5. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014>

ӘОЖ 340.05

ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Сүлейменова Таңшолпан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің

Құқықтану мамандығының 1 курс студенті

suleimentan777@mail.ru

Ғылыми жетекші- Ж.И Ибрагимов.

«Біздің елдеріміз өңірдің дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету ісінде маңызды, сындарлы күшке айналды. Қытай тарапы Қазақстанмен қарым-қатынасты дамытуға зор мән береді. Біз Қазақстан тарапымен бірлесе отырып, өзара мүдделілік бар негізгі мәселелер бойынша өзара қолдауды күшейту үшін бар күшімізді жұмылдыруға дайынбыз. Қытай қауіпсіздік саласындағы, экономикалық, гуманитарлық салалардағы өзара тиімді ынтымақтастық аясын жан-жақты кеңейтуге, сондай-ақ халықтарымыздың игілігі үшін өңірлік және халықаралық істердегі өзара іс-қимыл мен үйлестіру жұмысын күшейтуге ниетті», деген еді Си Цзиньпин ағымдағы жылдың мамырында Қазақстанға жасаған ресми сапары барысында. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев өзінің Бейжіңге мемлекеттік сапары алдында Қытайдың жетекші ақпарат агенттігі «Синьхуаға» эксклюзивті сұхбат беріп, онда Тәуелсіздік алған сәттен бастап, Қытаймен тату көршілік қарым-қатынасты қолдау Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты басымдықтардың бірі болғанын баса атап өткен. «Қазақтар «Алыстағы